

## **Бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарға қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің түрлерін тағайындау жөніндегі сот практикасы туралы**

Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының 2006 жылғы 23 маусымдағы N 7 Нормативтік қаулысы.

**Ескерту. Тақырыпқа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 20.04.2018 № 8 нормативтік қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің түрлерін тағайындау тәртібін реттейтін Қазақстан Республикасының қылмыстық заңының өзгеруіне байланысты және заңның дұрыс әрі біркелкі қолданылуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жалпы отырысы

қаулы етеді:

**Ескерту. Кіріспеге өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 20.04.2018 № 8 нормативтік қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

1. Қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің түрін дұрыс анықтау жазаның мақсатына қол жеткізу үшін маңызды және жасалған қылмыстың ауырлығын, қылмыскердің жеке басын, оның жасы мен жынысын ескере отырып, жазаның жеке орындалуын қамтамасыз етеді. Соттар бас бостандығынан айыруға сотталған адамдар жазасын өтейтін қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің түрін тағайындау тәртібін анықтайтын Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің (бұдан әрі - ҚК) 46, 81-баптарының ережелерін қатаң басшылыққа алуы қажет.

Осы орайда заң қандай да болмасын қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің түрін соттың қалауы бойынша тағайындауға мүмкіндік бермейтінін назарда ұстаған жөн.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 20.04.2018 № 8 нормативтік қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

2. Қылмыстық-атқару жүйесінің қауіпсіздігі барынша төмен мекемелеріне: жазаның мерзіміне қарамастан, абайсызда жасалған қылмыстары үшін;

ҚК-нің 7, 8, 9, 12 және 13-тарауларында көзделген зорлық-зомбылықты қолдануға байланысты емес қылмыстар үшін;

ҚК-нің 366-бабының 1-1, екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде, 367-бабының екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде, 368-бабының екінші бөлігінде көзделген қылмыстарды қоспағанда, қылмыспен келтірілген залалды олар толық өтеген жағдайда, ҚК-нің 15-тарауында көзделген қылмыстар үшін;

ҚК-нің 366-бабының 1-1, екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде, 367-бабының екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде, 368-бабының екінші бөлігінде көзделген қылмыстарды қоспағанда, қасақана қылмыс жасағаны үшін екі жыл қоса алынған мерзімге дейін бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалып алғаш рет сотталған адамдар (еркектер мен әйелдер) жіберіледі.

ҚПК-нің 19-бабының үшінші бөлігінің талаптарына сәйкес бұрын сотталған, бірақ бас бостандығынан айыру жазасын өтемеген, жаңа қасақана қылмыс жасағаны үшін сотталып, екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалған адамдарға жазаны өтеу қылмыстық-атқару жүйесінің қауіпсіздігі барынша төмен мекемелерінде тағайындалады.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Жоғарғы Сотының 11.12.2020 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 22.12.2022 № 10 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулыларымен.**

3. Сотталған адамдарға (еркектерге және әйелдерге) қылмыстық-атқару жүйесінің орташа қауіпсіз мекемелерінде бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеу:

бұрын бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтемеген, қасақана қылмыс (ауырлығы орташа, ауыр және аса ауыр) жасағаны үшін екі жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталғандарға;

бұрын бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтемеген, ҚК-нің 366-бабының 1-1, екінші және үшінші бөліктерінде, 367-бабының екінші және үшінші бөліктерінде, 368-бабының екінші бөлігінде көзделген қылмыстарды жасағаны үшін бас бостандығынан айыруға, оның ішінде екі жылдан аз мерзімге сотталғандарға;

бұрын бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтемеген, айыппұл, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, бас бостандығын шектеу бас бостандығынан айыруға ауыстырылған адамдарға тағайындалады.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.09.2023 № 1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулысымен.**

4. Сотталған адамдарға (еркектерге және әйелдерге) қылмыстық-атқару жүйесінің қауіпсіздігі барынша жоғары мекемелерінде бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеу:

бұрын қасақана қылмыс жасағаны үшін бас бостандығынан айыруды өтеген, бас бостандығынан айыруға сотталғандарға;

бұрын қасақана немесе абайсызда қылмыс жасағаны үшін бас бостандығынан айыруды өтеген, ҚК-нің 366-бабының 1-1, екінші және үшінші бөліктерінде, 367-бабының екінші және үшінші бөліктерінде, 368-бабының екінші бөлігінде көзделген қылмыстарды жасағаны үшін бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарға;

бұрын қасақана немесе абайсызда қылмыс жасағаны үшін бас бостандығынан айыруды өтеген, айыппұл, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, бас бостандығын шектеу бас бостандығынан айыруға ауыстырылған адамдарға тағайындалады.

**Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.09.2023 № 1 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулысымен.**

4-1. ҚПК-нің 19-бабы үшінші бөлігінің ережелерін ескере отырып, абайсызда жасаған қылмысы үшін бұрын бас бостандығынан айыруды өтеген адамдарға (еркектер мен әйелдерге) бас бостандығынан айыруды өтеу:

ҚК-нің 46-бабы бесінші бөлігінің 1) тармағында көрсетілген сотталғандарға қылмыстық-атқару жүйесінің қауіпсіздігі барынша төмен мекемелерінде;

қасақана қылмыстарды жасағаны үшін екі жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталғандарға қылмыстық-атқару жүйесінің орташа қауіпсіз мекемелерінде;

ҚК-нің 366-бабының 1-1, екінші және үшінші бөліктерінде, 367-бабының екінші және үшінші бөліктерінде, 368-бабының екінші бөлігінде көзделген қылмыстарды жасағаны үшін бас бостандығынан айыруға сотталғандарға және айыппұл, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, бас бостандығын шектеу бас бостандығынан айыруға ауыстырылған адамдарға қылмыстық-атқару жүйесінің қауіпсіздігі барынша жоғары мекемелерінде тағайындалады.

**Ескерту. 4-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Жоғарғы Сотының 28.09.2023 № 1 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулысымен.**

4-2. ҚК-нің 46-бабының ережелерін "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық сот ісін жүргізу саласындағы адам құқықтары, жазаны орындау, сондай-ақ азаптау мен басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе қадір-қасиетті қорлайтын қарым-қатынас түрлерінің алдын алу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 17 наурыздағы № 212-VII Заңының (бұдан әрі – жаңа қылмыстық заң) редакциясында қолданған кезде жаңа қылмыстық заң ресми жарияланған күнінен кейін (2023 жылғы 20 наурыздағы № 53 "Казахстанская правда" газеті) күнтізбелік алпыс күн өткен соң, яғни 2023 жылғы 20 мамырдан бастап қолданысқа енгізілетінін негізге алу керек.

Осыған байланысты сот актісін шығару кезінде 2023 жылғы 20 мамырға дейін ҚК-нің 46-бабының ережелері Заңның 2023 жылғы 17 наурызға дейінгі редакциясында, ал 2023 жылғы 20 мамырдан бастап жаңа қылмыстық заң қолданылатынын негізге алу қажет. 2023 жылғы 20 мамырға дейін күшіне енген сот актілері үкімді орындау тәртібімен ҚК-нің 6-бабының бірінші бөлігі негізінде қайта қаралуға тиіс.

Бұл ретте ҚК-нің 79-бабының жаңа редакциясына сәйкес адамның сотталғандығын жою немесе алып тастау оның бас бостандығынан айыруды өтеу фактісінің күшін жоймайтынын назарда ұстаған жөн, оны сотталған адамға жаңадан жасаған қылмысы үшін қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің түрін айқындаған кезде сот ескеруге тиіс. Осыған байланысты бұрын бас бостандығынан айыруды өтеген, соттылығы заңда белгіленген тәртіппен жойылған немесе алынған адамдарға қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің түрі бұрын бас бостандығынан айыруды өтеген адамдар ретінде ҚК-нің 46-бабы бесінші бөлігі 3) тармағының және алтыншы бөлігінің ережелерін ескере отырып тағайындалуға тиіс. Сонымен бірге мұндай жағдайларда ҚК-нің 6-бабы үшінші бөлігінің талаптарына сәйкес жаңа қылмыстық заң 2023 жылғы 19 мамырдан кейін қылмыс жасаған адамдарға ғана қолданылатынын ескеру қажет.

**Ескерту. 4-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Жоғарғы Сотының 28.09.2023 № 1 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулысымен.**

4-3. Жаңа қылмыстық заңды ҚК-нің 6-бабының тәртібімен қолдану кезінде " Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 6-бабын қолдану жөніндегі сот практикасы туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2016 жылғы 22 желтоқсандағы № 15 нормативтік қаулысының 9-тармағындағы қылмыстық заңның кері күші туралы қағидаларды қолданған кезде сол бір мәселе бойынша, бір мезгілде жаңа және ескі қылмыстық заңның қылмыстық жауаптылыққа тартылған адам үшін жағдайды жақсартатын нормаларын таңдап қолдануға жол берілмейтіндігі туралы түсіндірмесін негізге алу қажет.

**Ескерту. 4-3-тармақпен толықтырылды – ҚР Жоғарғы Сотының 28.09.2023 № 1 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулысымен.**

4-4. Аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін бес жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталған деп, бұрын бас бостандығынан айыруды өтеген, қылмыстардың қауіпті қайталануы кезінде жаза мерзімінің бір бөлігін, бірақ бес жылдан аспайтын қылмыстық-атқару жүйесінің толық қауіпсіз мекемелерінде өтеу тағайындалуы мүмкін, жиынтығында көрсетілген үш негіздің барлығы бар адамдар түсініледі.

**Ескерту. 4-4-тармақпен толықтырылды – ҚР Жоғарғы Сотының 28.09.2023 № 1 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулысымен.**

5. Бұрын бас бостандығынан айыруға сотталған, бірақ соттылығы жойылған немесе заңмен белгіленген тәртіппен алынған, сондай-ақ кері күші бар жаңа қылмыстық заңмен қылмыстық құқық бұзушылық деп танылмайтын әрекеттер үшін бас бостандығынан айыруға сотталған, соттылығы жойылмаған немесе алынбаған адамдар тұңғыш рет сотталған адамдардың қатарына жатқызылады.

**Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 20.04.2018 № 8 нормативтік қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

6. Бұрын бас бостандығынан айыру түріндегі жаза өтеген адамдар деп бұған дейін заңды күшіне енген сот үкімі бойынша бас бостандығынан айыру түріндегі жазаға сотталған және сол жазаны іс жүзінде қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде өтеген адамдар түсініледі.

Сондай-ақ:

бас бостандығынан айыруға шартты түрде сотталған (Қазақ КСР ҚК-нің (әрі қарай - ҚазКСР ҚК) 40-бабы, ҚК-нің 63-бабы) ҚазКСР ҚК-нің 40-бабының жетінші, сегізінші, тоғызыншы бөліктерінде, ҚК-нің 64-бабының үшінші, төртінші, бесінші бөліктерінде көзделген негіздер бойынша жазасын өтеу үшін қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелеріне жіберілген адамдар;

үкімнің орындалуы кейінге қалдырыла отырып, бас бостандығынан айыруға сотталған (ҚазКСР ҚК-нің 41-1, ҚК-нің 74-баптары) ҚазКСР ҚК-нің 41-1-бабының бесінші, жетінші бөліктерінде, ҚК-нің 74-бабының екінші, үшінші, төртінші бөліктерінде көзделген негіздер бойынша жазасын өтеу үшін қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелеріне жіберілген адамдар;

еңбекке міндетті түрде қатыстыра отырып, бас бостандығынан айыруға шартты түрде сотталған (ҚазКСР ҚК-нің 23-2-бабы) ҚазКСР ҚК-нің 23-2-бабының бесінші бөлігінде көзделген негіздер бойынша жазасын өтеу үшін қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелеріне жіберілген адамдар;

бұрынғы КСРО мен оның құрамына кіретін одақтас республикалардың соттарының үкімдері бойынша бас бостандығынан айыруға сотталған және осы жазаны өтеген адамдар (1991 жылғы 8 желтоқсанға дейін орын алған соттылықтар бойынша);

Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында көзделген реттерде, басқа мемлекеттің сотының үкімі бойынша бас бостандығынан айыруға сотталып шетел мемлекетінің үкімін орындауға қабылдау туралы соттың шешіміне сәйкес кейіннен жазасын өтеу үшін берілуіне байланысты Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде ұсталған адамдар бұрын бас бостандығынан айыру түріндегі жаза өтеген адамдар деп танылады.

ҚК-нің 63-бабының негізінде шартты түрде сотталған адамдар, сондай-ақ ҚК-нің 74-бабының негізінде жазаны орындауды кейінге қалдыру қолданылған адамдар, егер олар қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде бас бостандығынан айыруды нақты өтемеген болса, бұрын бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеген адамдарға жатпайды.

**Ескерту. 6-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 20.04.2018 № 8 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 11.12.2020 № 6 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 28.09.2023 № 1 (**

алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) **Нормативтік қаулыларымен.**

6-1. ҚК-нің 46-бабы бесінші бөлігінің 3) тармағына қатысты бұрын бас бостандығынан айыруды өтегендер деп соттылықты өтеу мерзімінің өткеніне және бұрын жасаған қылмысы үшін жауапқа тартудың ескіру мерзімінің өтуіне қарамастан, бұрын қылмыс жасағаны үшін жазасын қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде өтеген адамдар түсініледі.

Бұл қағида кәмелетке толмаған жаста қылмыс жасағаны үшін бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарға да қолданылады.

Бас бостандығынан айыру ҚК-нің 63-бабын қолдана отырып, шартты түрде тағайындалған адамдар бұрын бас бостандығынан айыруды өтеген адамдарға жатпайды. Сондықтан мұндай соттылық ҚК-нің 46-бабы бесінші бөлігінің 3) тармағында көзделген қағидалар бойынша қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің түрін айқындау кезінде ескерілмейді.

Бұрын бас бостандығынан айыруға сотталған адамның әрекеттерінде қылмыстың қайталану түрін тану туралы мәселені шешу үшін "Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 25 маусымдағы № 4 нормативтік қаулысының 12-тармағын басшылыққа алған жөн.

**Ескерту. Нормативтік қаулы 6-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Жоғарғы Сотының 11.12.2020 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.09.2023 № 1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулыларымен.**

7. Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабының 3-тармағында бекітілген халықаралық шарттардың басымдылығы негізінен шыға отырып, басқа мемлекеттің үкімдері бойынша сотталған адамдар үкімде қабылданған шешімнің дәлелі көрсетіле отырып, бұрын бас бостандығынан айыру түріндегі жаза өтеген адамдар деп танылуы мүмкін. Басқа мемлекеттердің үкімдерін тану 1993 жылы 22 қаңтарда Минскіде жасалған Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы Конвенция мен оған 1997 жылғы 28 наурыздағы Хаттамада (1999 жылғы 17 қыркүйектен кейін орын алған соттылықтар бойынша) және 2002 жылғы 7 қазанда Кишиневте жасалған Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы Конвенцияда (2004 жылғы 27 сәуірден кейін орын алған соттылықтар бойынша) көзделген.

8. Соттың үкімі бойынша тағайындалған жаза (айыппұл, түзеу жұмыстары, бас бостандығын шектеу) ҚК-нің 41, 42, 44-баптарының үшінші бөлігінде көзделген негіздер бойынша бас бостандығынан айыру жазасына ауыстырылған адамдар бұрын бас бостандығынан айыру түріндегі жаза өтеген адамдар деп танылмайды.

Сот үкімімен айыппұл, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, бас бостандығын шектеу түріндегі жаза бас бостандығынан айыруға ауыстырылған

адамдарға жазаны өтеу қауіпсіздігі орташа қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде тағайындалады.

Бұрын бас бостандығынан айыру ҚК-нің 73-бабының тәртібімен бас бостандығын шектеуге ауыстырылған адамдарға бас бостандығын шектеу бас бостандығынан айыруға ауыстырылған жағдайда, бас бостандығынан айыруды өтеу ол босатылған қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінде айқындалады.

Сондай-ақ:

Іс кассациялық тәртіппен қаралғанға дейін соттың үкімі бойынша бас бостандығынан айыру орындарында болған адамдар, егер аталған сот сатысы үкімнің күшін жоя отырып, істі қысқартса не үкімді өзгертіп, бас бостандығынан айырумен байланысты емес жаза тағайындаса немесе бас бостандығынан айыруға шартты түрде соттауды не үкімді орындауды кейінге қалдыруды қолданса;

бас бостандығынан айыруға сотталған, бірақ жүкті әйелдердің, жас балалары бар әйелдердің және жас балаларын жалғыз тәрбиелейтін ер адамдардың жазаны өтеуін кейінге қалдырылуына (ҚК-нің 74-бабы), ауруына байланысты жазадан босату немесе жазаны өтеуді кейінге қалдыру (ҚК-нің 75-бабы), ауыр мән-жайлардың болуының салдарынан жазадан босатылуына (ҚК-нің 76-бабы), айыптау үкімінің ескіру мерзімінің өтуіне (ҚК-нің 77-бабы), рақымшылық туралы актісі қолданылып немесе кешірім жасау тәртібімен жаза өтеуден босатылуына (ҚК-нің 78-бабы) байланысты іс жүзінде жаза өтемеген және бас бостандығынан айыру орындарында болмаған адамдар ;

бас бостандығынан айыруға бұлтартпау шарасы ретінде қамауда ұстау қолданылған мерзімнің шегінде сотталған адамдар, себебі олар қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде жазасын өтемеген;

бас бостандығынан айыру түріндегі жаза өтеп жатқан адамдар, егер олар үкім шығарылғанға дейін жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтары үшін сотталып, бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын тұңғыш рет өтеп жатқан реттерде;

қылмыстылық пен жазаланушылық қолданыстағы заңмен жойылған, сол сияқты оны жасағаны үшін қолданыстағы заңда бас бостандығынан айыру түріндегі жаза көзделмеген әрекеттер үшін бас бостандығынан айыруға сотталған және бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеген адамдар бұрын бас бостандығынан айыру түріндегі жаза өтеген адамдар деп танылмайды.

**Ескерту. 8-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 2011.04.21 № 1 ( ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 20.04.2018 № 8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 11.12.2020 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 28.09.2023 № 1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулыларымен.**

9. Өмір бойы бас бостандығынан айыруға сотталған еркек жынысты адамдар олардың бұрын бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтегеніне не өтемегеніне

қарамастан жазасын қылмыстық-атқару жүйесінің төтенше қауіпсіз мекемелерінде өтеуге тиіс.

Ескерту. 9-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Жоғарғы Соты жалпы отырысының 2009.06.29 N 4 Қаулысымен; ҚР Жоғарғы Сотының 20.04.2018 № 8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 28.09.2023 № 1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулыларымен.

10. Еркек жынысты адамдарды аса ауыр қылмыс жасағаны үшін бес жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыруға соттаған, өмір бойына бас бостандығынан айыруға сотталған адамдардан басқа, бұрын бас бостандығынан айыруды өтеген қылмыстардың қауіпті қайталануы кезінде ҚК-нің 46-бабының алтыншы бөлігіне сәйкес жаза мерзімінің бір бөлігін, бірақ бес жылдан артық емес қылмыстық-атқару жүйесінің толық қауіпсіз мекемелерінде өтеу тағайындағанда соттар қабылданған шешімді үкімде дәлелдеуі және сотталған адам жазаның қандай мерзімін қылмыстық-атқару жүйесінің толық қауіпсіз мекемелерінде өтеуі тиіс екенін көрсетуі қажет. Осы орайда үкімнің қорытынды бөлігінде жаза мерзімінің қалған бөлігін сотталған адамның қылмыстық-атқару жүйесінің қандай мекемелерінде өтеуі керек екені көрсетілуі тиіс.

Ескерту. 10-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 20.04.2018 № 8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 28.09.2023 № 1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулыларымен.

11. ҚК-нің 79-бабында көзделген тәртіппен алып тасталған немесе өтелген, ҚК-нің 78-бабының екінші және төртінші бөліктеріне сәйкес рақымшылық туралы немесе кешірім жасау туралы актімен алып тасталған сотталғандықтар қылмыстардың қайталануын тану кезінде ескерілмейді.

Он сегіз жасқа толғанға дейін жасалған қылмыстар үшін сотталғандықтар қылмыстың қайталануын тану кезінде ескерілмейді. Сонымен бірге бас бостандығынан айыруға сотталған, бұрын кәмелетке толмаған жаста бас бостандығынан айыруды өтеген адамдарға ҚК-нің 46-бабы бесінші бөлігі 3) тармағының қағидалары ескеріле отырып, жазаны қылмыстық-атқару жүйесінің қауіпсіздігі барынша жоғары мекемелерінде өтеу тағайындалады.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Жоғарғы Сотының 11.12.2020 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Жоғарғы Сотының 28.09.2023 № 1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулыларымен.

12. Қылмыстың қылмыстардың тиісті қайталануы жағдайында жасалғаны туралы шешім қылмыстық заңның нормасына сілтеме жасала отырып, үкімнің қорытынды бөлігінде көрсетілуі тиіс.



Егер негіздер болған жағдайда сот қылмыстардың қайталануын танымай және бұл туралы үкімнің қорытынды бөлігінде көрсетпесе, онда қылмыстардың қайталануы кезінде тағайындалуы мүмкін қылмыстық-атқару жүйесі мекемесін тағайындауға құқылы емес.

**Ескерту. 12-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 20.04.2018 № 8 нормативтік қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

13. Бас бостандығынан айыруға сотталған кәмелетке толмаған адамға сот кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған қылмыстық-атқару жүйесінің қауіпсіздігі орташа мекемесінде жазасын өтеуді тағайындайды. Кәмелетке толған кезде сотталған адамдар, олардың келісімімен, олар жиырма бір жасқа толғанға дейін мекемеде қалдырылуы мүмкін. Он сегіз жасқа толған сотталған адамдарды жоғарыда көрсетілген мекемеде қалдыру туралы шешімді сот мекеме бастығының ұсынуы негізінде қабылдайды.

Қылмыстық құқық бұзушылықты кәмелет жасқа толмаған кезде жасап, үкім шығарылған сәтте кәмелетке толған адам бас бостандығынан айыруға сотталған жағдайда оған қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің түрі ҚК-нің 46-бабына сәйкес кәмелетке толған адамға тағайындалған сияқты тағайындалады.

**Ескерту. 13-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 20.04.2018 № 8 нормативтік қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

14. Бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы бойынша немесе үкімдердің жиынтығы бойынша тағайындаған кезде сот қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің түрін түпкілікті жаза шарасын белгілегеннен кейін тағайындауға тиіс.

Егер адам біреулері абайсызда, ал басқалары - қасақана жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы бойынша сотталып отырса, сот жазаны қылмыстық-атқару жүйесінің қауіпсіздігі ең төмен мекемесінде өтеуді тек қасақана қылмыстық құқық бұзушылық үшін бас бостандығынан айырумен байланысты емес жаза тағайындаған не егер сотталған адам жасаған қасақана қылмыс ҚК-нің 46-бабы бесінші бөлігінің 1) тармағында көзделген қылмыстық іс-әрекеттер тізбесіне кірген реттерде ғана тағайындауға құқылы.

Егер ҚК-нің 46-бабына сәйкес жиынтыққа кіретін қылмыстар үшін жазаларды бас бостандығынан айыру түрінде өтеу қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің әр түрінде көзделсе, онда түпкілікті жазаны айқындау кезінде қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің барынша қатаң түрі тағайындалады.

Бас бостандығынан айыруды өтеу үшін үкімдердің жиынтығы кезінде жиынтыққа кіретін үкімдердің бірі белгілеген мекеменің неғұрлым қатаң түрі айқындалады.

Егер жиынтыққа кіретін қылмыстар үшін түпкілікті жаза бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазаны сіңіру жолымен тағайындалса, қылмыстық-атқару

жүйесі мекемесінің түрі ҚК-нің 46-бабында көзделген тәртіппен, жасағаны үшін бас бостандығынан айыру түріндегі жаза тағайындалған қылмысты ғана ескере отырып тағайындалады.

**Ескерту. 14-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 20.04.2018 № 8 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 11.12.2020 № 6 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулыларымен.**

15. Бас бостандығынан айыруға шартты түрде соттау кезінде қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің түрі тағайындалмайды. Егер шартты түрде сотталған адам пробациялық бақылау кезеңінде жаңадан қылмыс жасаса және оған жаза ҚК-нің 60-бабының негізінде үкімдердің жиынтығы бойынша тағайындалса, қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің түрі ҚК-нің 46-бабында көзделген тәртіппен пробациялық бақылау кезеңінде жасаған қылмыстың да, сондай-ақ бұрын жасағаны үшін ол бас бостандығынан айыруға шартты түрде сотталған қылмыстың да ауырлығы ескеріліп тағайындалады.

Егер жазасын өтеуден мерзімінен бұрын шартты түрде босатылған адам мерзімінен бұрын шартты түрде босату мерзімі ішінде жаңа қылмыстық құқық бұзушылық жасаса және оған жаза үкімдердің жиынтығы бойынша тағайындалса, қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің түрі дәл осы тәртіппен тағайындалады.

**Ескерту. 15-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 20.04.2018 № 8 нормативтік қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

15-1. ҚК-нің 74-бабының негізінде бас бостандығынан айыруға сотталған адамға қатысты жазаны өтеуді кейінге қалдыру қолданылған кезде, соттың үкімінде қылмыстық-атқару мекемесінің түрі көрсетілуі тиіс.

Шартты түрде сотталған адамның пробациялық бақылау мерзімі ішінде өзіне жүктелген міндеттерді қасақана орындамауына байланысты ҚК-нің 64-бабының үшінші бөлігі негізінде шартты түрде соттаудың күші жойылған жағдайда, оған ҚК-нің 46-бабына сәйкес қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде бас бостандығынан айыруды өтеу тағайындалады.

ҚК-нің 72-бабы жетінші бөлігі 1) тармағының негізінде шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың күші жойылған жағдайда, сотталған адамның өзі шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінде бас бостандығынан айыруды өтейтіні белгіленеді.

**Ескерту. Нормативтік қаулы 15-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Жоғарғы Сотының 11.12.2020 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.**

16. Қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің түрін өзгертуді Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚПК) 476-бабының 4) тармағына, 477,

478-баптарына сәйкес үкімді орындау тәртібімен аудандық және оған теңестірілген сот үкімді орындау жері бойынша, ал ол болмаған кезде – жоғары тұрған сот Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексінің (бұдан әрі – ҚАК) 96-бабының негізінде сотталғанның өтінішхаты бойынша не мекеменің ұсынуы бойынша жүргізеді.

**Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Жоғарғы Сотының 20.04.2018 № 8 нормативтік қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

17. ҚАК-тің 96-бабына сәйкес мінез-құлқының екінші немесе үшінші оң дәрежесіндегі сотталған адамдарды жазасын әрі қарай өтеу үшін қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің бір түрінен ұстау режимінің одан әрі жеңілірек түрін көздейтін басқа түріне ауыстыру туралы мәселені шешкен кезде сотталған адамның режимнің одан әрі жеңілірек қылмыстық-атқару жүйесінің мекемесінде болуы мерзімін емес, сот үкімі бойынша тағайындалған жазаның жалпы мерзімін негізге алған жөн.

Соттар тағайындалған жазаның жеңілдігі, сотталған адамның қылмыстық-атқару жүйесінің осы мекемесінде аз ғана уақыт болуы, сотталған адамның кінәсін мойындамауы, бұрын сотталғандығы, ауыр және аса ауыр қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін жазасын өтегені және т.б. сияқты заңда көзделмеген негіздер бойынша қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің одан әрі жеңіл түріне сотталған адамды ауыстырудан бас тартуға құқылы емес.

**Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Жоғарғы Сотының 20.04.2018 № 8 нормативтік қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

18. Істерді апелляциялық, кассациялық тәртіппен қараған кезде соттар бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарға қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің түрін айқындаудың дұрыстығын тексерулері керек.

Бірінші сатыдағы сот қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің заңда көзделгенге қарағанда неғұрлым қатаң түрін негізсіз тағайындаған не үкімнің қарар бөлігінде қылмыстық-атқару жүйесі мекемесін тағайындау туралы нұсқау болмаған кезде жоғары тұрған сот сотталған адамға қылмыстық-атқару жүйесі мекемесін заңға сәйкес тағайындауға тиіс.

Сотталған адамға қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің жеңіл түрі дұрыс тағайындалмаған жағдайда апелляциялық сатыдағы сот істі ҚПК-нің 433, 442-баптарына сәйкес жаңадан қарауға жібермей, сотталған адамға қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің заңда көзделгеннен неғұрлым жеңіл түрін тағайындаудың күшін жоюға және егер осы негіз бойынша прокурор өтінішхат келтірген немесе жәбірленуші, жеке айыптаушы, олардың өкілдері шағым берген жағдайда ғана ҚК-ға сәйкес қылмыстық-атқару жүйесі мекемесін тағайындауға құқылы.

ҚПК-нің 494-бабының тоғызыншы бөлігіне сәйкес кассациялық сатыдағы сот прокурордың наразылығы немесе жәбірленушінің, жеке айыптаушының немесе

олардың өкілдерінің шағымы бойынша, егер үкім заңды күшіне енгеннен кейін сотталған адамның жағдайының нашарлауына мүмкіндік беретін жылдық мерзім өтіп кетпесе, үкімдегі қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің заңда көзделгенге қарағанда неғұрлым жеңіл түрін негізсіз тағайындаудың күшін жоюға және қылмыстық-атқару жүйесі мекемесін ҚК-ға сәйкес тағайындауға құқылы.

**Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Жоғарғы Сотының 20.04.2018 № 8 нормативтік қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

19. Осы нормативтік қаулының қабылдануына байланысты Қазақ КСР Жоғарғы Соты Пленумының 1961 жылы 7 желтоқсандағы N 4 "Бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарға еңбек-түзеу мекемесінің түрін анықтау жөніндегі сот тәжірибесі туралы" қаулысының (енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен бірге) күші жойылды деп танылсын.

20. Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабына сәйкес осы нормативтік қаулы қолданыстағы құқық құрамына қосылады, сондай-ақ жалпыға міндетті болып табылады әрі ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Жоғарғы Сотының Төрағасы  
Қазақстан Республикасы  
Жоғарғы Сотының судьясы,  
жалпы отырыс хатшысы